

Ебіней Бөкетовтің туғанына – 90 жыл

ЕБЕНҒАБИДЕН

Сексенінші жылдар – БӨКЕТОВТІҢ нағыз кемел шағы. Жүз онға тарта ғылыми жаңалық ашып, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі атанатыны да осы жылдар.

Мирас АСАН,
«Орталық Қазақстан»



Иә. «Сооавторство с Хлестаковым» қаралау мақаласына дейін... «Ғылыми үрдісті дамытудың орнына әдебиетпен шұғылданады, кітап жазып, аударма ісіне есіл уақытты еселсіз жұмсайды» деген күстана мақала шықты. Талантты тұншықтыру ойынының бұл – басы ғана-тын. «Алты хат» та сол жаны күйзеліп жатқан жазықсыз жүректің жанайқайы іспетті. Қорғанға әдейі көшіп барып, жас талап үшін Иванның шошала-сына қонып оқытқан Ебінейдің әкесі болашақ ғалымның шын сыншысы-тұғын. «Жұмбақ жалау» сол мектеп жасында орысша сөйлепті. Кәдімгі Сәбит Мұқановтың «Ботагөзі». «Шын ғалым әдебиет пен өнерді шын сүйген жағдайда ғана тоғышарлықтан бойын аулақ салады» деген сөзін Ебіней ғалымның қыздары «әкеміз табан астында өлең шығара қоятын, орыс-ша, қазақша бірдей жазатын, Есенин, Маяковский, Тургенев шығармаларын жатқа оқитын таза дарын иесі еді» дейтін сөзімен дәлел қылады. Ақындық Атығай Балтатарақтың сүтін ішкен соң, соқыр Тайжаннан қалған сиқырлы сөз Ебінейдің жанарынан ұшқындап тұрмай ма? Ебіней шыны-мен ақын еді!

1945 жылы Алматыдағы тау-кен металлургия институтына түскен Ебінейдің металлургия, химия саласына қажетті бүкіл формулаларды, қажетті цифрларды жатқа айтуы – ғылымдағы көкжиегінің соншалықты кең екенін көрсетіп тұрса керек. Қай металдың қай температурада балқитынын жатқа айту – энциклопедиялық білімі бар адамның еншісіндегі Тәңір сыйы. Иван Василенконың «Артемкасын», Иван Вазовтың «Бұғауда» романын, Эмиль Золяның бірнеше әңгімесін аударған жас қазақ кім? Аттай он екі жыл Қарағандыдағы химия металлур-

гия институтын басқарған Ебінейді бұл шаһарға бағыттаған Қаныш Имантайұлы екенін біз білеміз, енді, болашақ білсін.

Екі алып, текті қазақ келе жатқанда қара жердің белі шойырыла жаздаған болар!

Мәскеудің болат және құйма институтында докторлық диссертациясын қорғапты. «Селен техноло-

гиясы бойынша жаңалығы бастап 17-18 ғылыми табысы шетелге өтті. Молибден алу, фосфор айыру – Ебінеймен келді өндіріске. Менделеев кестесіндегі мышяқ дұрыс орында тұрмағандығын түзеген Ебіней ғылымы» дейді Медеу Сәрсекке. Германий элементі де Ебінейдің есімімен бірге аталады.

61 ғылым кандидатын тәрбиелеп шыққан ұстаз биыл 90 жасқа то-

лар еді! Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Ебіней Арыстанұлы – тоқсанда. Осы шақта қайта айтуыма 24 ғылым докторы, 6 академик, 5 мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болған шәкірттері себепкер. Қасиетті қара шаңырақ – Қарағанды мемлекеттік университеті Ебекеңнің атымен аталып тұр. Ендеше, өлді деуге хақымыз, құқығымыз жоқ.

Замандастары қалжындап: «Ебекең Москва, Одесса, Ленинградқа барса, не бір орыс, не бір еврей ерте келеді» дейді екен. Сөйтіп, өзі басқарып отырған университеттің профессорлар құрамын мықтап бекітті.

Қарағандыдағы қазақ драма театры сахналап, Нұрмұқан Жантөрин басты рөлде ойнаған Шекспирдің «Макбетін» де аударған, Сергей Есениннің «Анна Снегинасын» қазақшалаған, сүбелі еңбектердің иесі, Сүбедей баһадүрдей тума талант – Ебіней Бөкетов өзі құрған ХМИ-дің зертхана меңгерушісі болып та жұмысқа тұра алмады, іргетасын өзі бекіткен университеттен қуғындалды дегенге Сіз не деп жауап берер едіңіз, сарғайған тарих беті?!

Тұлғаны тарихқа таныстырудың қажеті жоқ. Керісінше, тарихтағы тұлғаны өз заманымызға әкелейік! Жаңа заман көзімен бір қарайық Темірқазыққа!

«Топырақты өлімге, торқалы тойға бара алмасақ – сол жаман»... Тойда кездесейік!